По завершении церемонии подписания меморандума, Президент академии подарил Ильясу Нурболовичу недавно вышедшую книгу «Если можешь идти к источнику, не пей из кувшина», дальше была проведена экскурсия по академии.



**Руководитель
Пресс-службы Президента
Бейсебаева Алия Ерлановна**

Қазақстан чемпионатында ерекше көзге түскен боксшылардың бірі Ертуған Зейнулинды кезекті жеңісімен құттықтаймыз!

2021 жылдың наурыз айының 10-14 аралығында Германияның Кёльн қаласында Халықаралық А класс турнирі болып өтті. Бұл турнирді кіші Әлем кубогы десекте болады. Осы турнирге Қазақ спорт және туризм академиясының 2 курс магистранты Зейнуллин Ертуған Иязбекұлы 63 келі салмақ дәрежесінде күміс медальды олжалады. Жуырда ғана, Шымкентте аяқталған Қазақстан чемпионатында ерекше көзге түскен боксшылардың бірі - Ертуған Зейнулин. 63 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен 23 жастағы жалынды жас барлық қарсыласынан басым түсіп, бас жүлдені олжалаған болатын. 2015 жылдан бастап Қазақ спорт және туризм академиясының бокс, ауыр атлетика, шығыс жекпе-жек кафедрасының аға оқытушы Қайрат Маутханұлы Карменовтың қол астында жаттығады. 2019 жылы дене тәрбиесі және спорт мамандығын аяқтап, білімін магистратурада жалғастыруда. Ересектер арасында өткен чемпионат жүлдегері Ертуған Иязбекұлы Азия және Әлем чемпионаттарына жолдама алып тұр десекте болады. Қазіргі таңда ол Ресей Федерациясының Кисловодск қаласында оқу жаттығу жиындарында. Алдағы жарыстарға дайындық үстінде. Осы оқу жаттығуынан кейін Сербия мемлекетінде Халықаралық жүлдеге аттанады.

Алдағы уақытта Олимпиада ойындарына барып, байрақты бәсекелерде топ жарып шығуына тілектеспіз. Еліміз тәуелсіздік алған жылдан бастап қазақ жастары қай спорт түрінен болмасын, еліміздің абыройын асқақтатып жүр. Жеңісті сәттердің соңында бапкерлер мен спортшылардың аянбай тер төккен еңбегінің жемісі тұрғаны анық. Жеңіске деген ұмтылысы бар, «елінің атын республикалық, халықаралық жарыстарда шығарып, елге жүлде сыйласам» деген мақсаты бар, батыр жүректі балуандардың көптігі бізді қуантады.

**Жастар ісі жөніндегі бөлім маманы
Марал Кенжебаева**



Факультет аралық жайдарман ойындары

БҮГІНГІ ЖАЙДАРМАН ЖАСТАРЫ – ЕРТЕҢГІ ЕЛ БОЛАШАҒЫ!

19 ақпан күні Қазақ спорт және туризм академиясында факультет аралық жайдарман ойындары өтті.

Бұл іс-шараны жастар ісі жөніндегі бөлім ұйымдастырып, студенттердің басын қосып, үлкен тәжірибе жинауына қолдау көрсетті. Ойынды жүргізген жастар ісі жөніндегі бөлім маманы Асель Алибекова көрермендерге әзіл-қалжыңымен көтеріңкі көңіл-күй сыйлай білді. Жайдарлы жайдарманшылардың ұлттық болмысын қалыптастырып, тәлімді тәрбие беру үлкен міндет. Тәжірибелі командалардың біліктілігін шыңдауға, жас таланттардың шығармашылық қабілетін жүзеге асыруға жаңа мүмкіндіктер ашылды.



Негізгі бұл іс-шараның мақсаты:

- Жас буынды тәрбиелеудің негізгі бағыттарының іске асуын қолдау;
- Жастардың жан-жақты шығармашылық қабілеттерін дамыту және олардың зерделік қабілетін жүзеге асыру;

- Танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- Жастар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- Жауапкершілік мен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жастардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.



Зал барлық санитарлық нормаларға сай дайындалды. Барлық команда жоғары дәрежеде ойын көрсетті. Жалпы бұл ойынға 6 команда қатысты. Олар:

- «Интрига»
- «Өзіміз білеміз»
- «Смак»
- «Академияластар»
- «Шалдың балалары»
- «ЖК Жатақхана»

Жайдарманшылардың ойынын тамашалауға, әрі әділ баға беруге келген Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Мұхтар Зайнолдаұлы Есқалиев, жас блогер, вайнер Жансая Мұратбекова, әнші-актер Тұрар Ыдырыс, жайдарманшы, актер, блогер Берік Түменбаев, жайдарманшы, автор Нұржан Арман ойынға әділ қазылық етті.

Іріктеу сайысы жоғары дәрежеде өтті. Алайда, кез келген үлкен додада өзінің жеңімпаздары болады. Сонымен, қола жүлде, **III орын** көрермен жүрегін керемет әзілдерімен тәнті еткен «Смак» тобына бұйырса, **II орын**, яғни, күміс жүлде «ЖК Жатақхана» жайдарман тобының қанжығасында кетті. Ал, талай азулы жайдарманшылардың арасынан топ жарып, алдыңғы



қатарда көрінетін жайдарман тобы «Академияластар» I орынды иеленді.

Жалпы номинациялар бойынша:

1. Ең үздік хабарлаушы - Кусаинова Айғаным TOUR 20-1
2. Ең үздік ойыншы ұл - Баятанов Елдос FPSIE 20-3
3. Ең үздік ойыншы қыз – Толағай Гүлберекем FOS 17-4
4. Ең үздік әзіл - «ЖК Жатақхана»
5. Ең үздік команда - «Өзіміз білеміз»

Бүгінде жайдарман ойындары жастар арасында жедел дамып келеді. Сахна мәдениеті мен шеберлігі, ән мен би, сөйлеу мәнері, ой ұшқырлығы, мимика сияқты өнер атаулының түрлі жандрарын қамтитын әзіл-қалжың, шығармашыл жастардың шеберліктерін жетілдіре түскенін көрсетеді. Бұл жастардың дұрыс қоғамдық пікір қалыптастырып, заманмен қатар даму арқылы өмірде өз орнын дұрыс таба білуге баулиды.

**Жастар ісі жөніндегі бөлім маманы
Марал Кенжебаева**

МЕНИҢ ШӘКІРТІМ – МЕНИҢ МАҚТАНЫШЫМ

Бекқали Саяуыш Нұрғалиұлы 2001 жылы 24 шілдеде Алматы облысы, Панфилов ауданы, Қоңырөлең ауылында дүниеге келген. 2019 жылдан бастап Қазақ спорт және туризм академиясының олимпиадалық спорт факультетінің баскетбол мамандығы бойынша 2 курс студенті.



2013 жылы Панфилов ауданының чемпионатында бірінші орын.

2014 жылы Математика пәнінен Халықаралық қашықтық олимпиадасында бірінші орынды иеленген.

Баскетболдан Панфилов аудандық чемпионатында бірінші орын және турнирдің үздік ойыншысы.

2016 жылы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жыл-



дығына орай, Жаркент қаласында, баскетболдан ашық біріншілікте бірінші орын иеленген. Футболдан қала біріншілігінде екінші орын.

Алматы облысы чемпионатында үшінші орын және үздік ойыншысы атанды.

2017 жылы Алматы облысы чемпионатында екінші орын және үздік ойыншы.

Алматы облысы чемпионатында бірінші орын. Түркістан қаласында өткен республикалық турнирде үшінші орын.

Астана қаласында өткен «Алтын доп» республикалық турнирде үшінші орын.

Талдықорған қаласы «Жетісу кубогы» Республикалық турнирде бірінші орын.



2018 жылы Панфилов ауданы әкімінің кубогында бірінші орын. Қызылордада өткен «Петро Қазақстан» республикалық турнирінде екінші орын. «Жетісу кубогы» халықаралық турнирінде екінші орын.

2018 жылы Баскетболдан «Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер» атағына ие болған.

2019 жылы «Аяз ата» республикалық турнирінің екінші орын және үздік ойыншы. Талдықорғандағы «Жетісу кубогы» республикалық турнирінде бірінші орын.

2020 жылы «Үздік студент-2020 БҰҰ».

2020 жылы Халықаралық байқау «Абай мұрасы - Қазақтың қасиетті қазынасы» 1 дәрежелі дип-



лом иегері (ғылыми жетекшісі т.ғ.к. Калимаш Нұратдинқызы Жанғанатова).

2020 жылы «Қазақстанның Үздік студенті - 2020» 1 дәрежелі диплом және төс белгісімен марапатталған.

ӘГП кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к. Калимаш Нұратдинқызы

ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫНДА ӘЙЕЛДЕР ҚАУЫМЫНА АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК КЕШ ӨТТІ

Халықаралық әйелдер күні – ақ жаулықты апалар, ардақты аналар, аяулы қыздардың мерекесі. Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, асыға күткен 8 наурыз халықаралық әйелдер күні де келді. Осынау көктем мерекесі күнімен ардақты аналар мен аяулы қарындастарымызды, құрметті ұстаздар мен гүлдей құлпырған сұлу қыздарды шын жүрегімізбен құттықтаймыз!

Ардақты аналар мен аяулы аруларымыз үшін Академиямызда наурыз айының 5 жұлдызында Халықаралық 8 – Наурыз әйелдер күні мерекесіне арналған кеш ұйымдастырылды. Алғашқы сөз кезегін алған Қазақ спорт және туризм академиясының президенті, профессор Қайрат Қайроллаұлы Закирьянов барша әйелдер, қыздар қауымын мерекемен құттықтай отырып, бірқатар қызметкерлер қауымын құрмет грамотасымен марапаттады. Атап айтар болсақ,

1. Адильбекова Раиса Анваровна
2. Улукбекова Айгуль Орынғалиевна
3. Сулейменова Гулфариза Абатбекқызы
4. Тургазина Эльмира Оразанбаевна
5. Бримкулова Асем Дулатовна
6. Есімғалиева Тілекші Мақсотқызы
7. Ибраимова Асель Ашимтаевна
8. Тебегенова Эльвира Темирхановна
9. Адильбекова Жанар Муратбековна
10. Байбулова Ляззат Султанбековна

Сіздерге академиямыздың гүлдену жолындағы жасампаз еңбектеріңізге әрдайым табыс тілейміз.

Мерекелік кеш «Бокс, ауыр атлетика және шығыс жекпе-жек» кафедрасының аға оқытушысы Мустафин Серик Касымовичтың «Влюбленный солдат» әнімен шымалдығы ашылған болса, «Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері» кафедрасының аға-оқы-



тушысы Көпжанов Ғалымжанның орындауында «Сүйікті етші» әні шырқалды. Жастар ісі жөніндегі бөлім маманы, «Руханият» клубының жетекшісі Кенжебаева Маралдың орындауында «Ана» монолога оқылды. Баятанов Елдостың орындауында «Весна на заречной улице» әні опералық жанды дауыста орындалды. Академиямыздың белсенді студенттері вальс билеп, әннің ажарын келтірді. Келген қонақтарымыз жайдарлы жайдарманшыларымыздың қызықты да, көңілді ойындарын тамашалап, көңіл-күйлерінбір сергітіп алды. Біздің академиямыздың таланттары тереңде жатқан жауһазындарға толы. 1 курс белсенді студенттерінің орындауында «Попурри» әнімен аяқталды. Құрметті асылжанды аналар, қадірлі ұстаздар және ару қыздар әрдайым алдымызда көктем гүліндей көрік беріп жүре беріңіздер.

Отбасыларыңызда сүйіспеншілік пен ізгілік нұр шашсын, балаларыңыз жетістіктерімен қуанта берсін, бақытты сәттер әрдайым серік болсын!

**Жастар ісі жөніндегі бөлім маманы
Марал Кенжебаева**



«ӘЛЕМНІҢ МӘНІ - ӘЙЕЛДЕ!» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТЫ

2021 жылдың 3 наурызы күні Қазақ спорт және туризм академиясының акт залында Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы Тілекші Мақсотқызы Есімғалиева 8 наурыз халықаралық әйелдер мейрамына арналған «Әлемнің мәні - әйелде» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырды. Концерттік мерекелік іс-шара Олимпиадалық спорт факультеті белсенді студенттерінің мерекелік кешке дайындаған бейнебаянымен басталды. Кеш басында Есқалиев Мұхтар Зайнолдаұлы аналарға, ұстаздарға, қыздарға мерекелік құттықтау сөзін арнады, кеш ары қарай концерттік бағдарламаға ұласты. 8 Наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне арналған ашық тәрбие сағатының шымалдығы тақырыпқа сай олимпиадалық спорт факультеті 1 курс белсенді студенттерінің аналарға арналған «Ана туралы жыр» әнін хормен орындаумен ашылды.

Мерекелік іс-шараға академия басшылығы, соның ішінде, Қазақстан Ұлттық студенттер спорт одағының вице-президенті, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Есқалиев Мұхтар Зайнолдаұлы, ҚазСТА ғылым және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, PhD докторы, қауымдастырылған профессор Құлбаев Айбол Тінәлұлы қатысты. Кеш қонақтары «Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері» студенттерінің орындауында (ОСФ 20-3 тобы студенті Жұматұлы Бесінбай «Әлемнің мәні әйелде», ОСФ 20-4 тобы студенті Әшірбек Дулат «Әйелдер-ай», ОСФ 20-3 тобы студенті Әбілқасым Ердаулет «Біздің елдің қыздары», ОСФ 20-4 тобы студенті Касенов Алидар «Арулар») мәнерлеп оқуды тамашалады.

Келесі кезекте концертті ОСФ 20-6 тобы студенті Алимбек Арманның орындауындағы «Біздің елдің қыздары» атты әсем әуен жалғастырды. Сондай-ақ академия қабырғасында өтіп



отырған осы кешке кафедра меңгерушісі, PhD докторы Дошыбеков Айдын Бағдатұлы, кафедраның тәрбиелік шараларына жауапты аға оқытушы Бримкулова Асем Дулатқызы, академия қызметкерлері мен кафедралар оқытушылары, ДМЖСТН кафедра оқытушылары және студенттер қатысты. Сонымен қатар кеш барысында Олимпиадалық спорт факультетінің әнмен қатар спортқа да икемділігі бар студенттері де көзге түсті. ОСФ 20-4 тобы студенті Исалы Айбектің «Акробатика биі» көрсетілді.

Келесі музыкалық нөмір әдемі де көрікті қыздарға арналған Тұрсынбеков Тұрардың «Күндер өтуде» және Бақытов Бекарыстың орындауларында «90 жылдардағы Дискотека» әуендері гитармен шырқалды.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші мерекелік құттықтау қорытынды

сөз «Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері» кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы, осындай әдемі кешті ұйымдастырған ұлағатты ұстаз Есімғалиева Тілекші Мақсотқызына берілді. Құттықтау сөзінен кейін «Аяулы Ана» әні шырқалды.

Концерт соңы белсенді студенттердің «Гүл сыйлайық әйелге» әуенімен аяқталып, қатысушы аналарға, ұстаздар мен қыздарға гүл сыйлап, қатысушылардың құрметтеріне бөленді. Мерекелік шара өте жоғары деңгейде өтті.

Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы Есімғалиева Тілекші Мақсотқызы



« КӨЛСАҰ КӨЛДЕРІ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

12-ші ақпан күні Туризм факультеті, туризм мамандығының 2 курс студенттері топ жетекшісі Г.М Ушкулакованың жетекшілігімен «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи парк қызметкерлерімен онлайн кездесу ұйымдастырды. Кездесуге туризм бөлімінің мамандары Айгерім Сүгіралиева және Бейсенбек Тотыханов қатысып, парк туралы, парк жұмысы туралы айтып берді.

*Туризм факультетінің, туризм мамандығының
2 курс студенті
Злата Цымбалова*



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ


«КӨЛСАЙ КӨЛДЕРІ» МҰТП туризм мамандарымен кездесу

**12 АҚПАНДА ТУРИЗМ
ФАКУЛЬТЕТІНІҢ
СТУДЕНТТЕРІ «Көлсай»
МҰТП қызметкерлерімен
онлайн форматта
кездесті. Кездесуге
туризм мамандары
Тотыханов Бейсенбек,
Сугиралиева Айгерім
қатысты**




Чтобы активировать...

«КӨЛСАЙ КӨЛДЕРІ» МҰТП туризм мамандарымен кездесу



«КӨЛСАЙ КӨЛДЕРІ» МҰТП туризм мамандарымен кездесу



БОЛАШАҚ ЖАС СПОРТШЫЛАРДЫҢ ҚОЛЫНДА




Сайдалин Ильяс Алматылы 2000 жылы 13 шілдеде Алматы қаласында дүниеге келген. 2018 жылы Қазақ спорт және туризм академиясының олимпиадалық спорт факультетінің «жүзу» мамандығына оқуға түсті, қазіргі уақытта 3 курс студенті.

Бала жастан бастап білім алумен қоса спорттың бірнеше түрлерімен шұғылданып келген (жүзу, гимнастика, бокс, айкидо және т.б.). Негізгі айналысатын спорт түрі – 5 жастан бастап шұғылданатын жүзу спорты, бұл спорт түрі бойынша аудандық жарыстардың, сондай-ақ республикалық біріншілік жарыстардың бірнеше дүркін жүлдегері атанған.

Сонымен қатар білім саласында Қазақстан тарихы бойынша өткен республикалық, қалалық және аудан аралық олимпиадаларда жүлдегер атанған.

Барлық жетістіктеріне 2015 жылдан бергі демеу, жанашыр болып келе жатқан және де қазіргі уақытта ұстазы, ғылыми жетекшісі Жанғанатова Калимаш көп ықпал жасады.

Академия қабырғасына студент боп қабылданғаннан бері оқу барысында бірнеше ғылыми конференциялардың жүлдегері болған.



Академия 75 жылдық мерей тойына сәйкес өткізілген XX студенттер ғылыми-практикалық конференциясында екі рет жүлдегер атанып, сертификаттармен марапатталды.

2018 жылы факультеттер арасында өткізілген Тіл дарын фестивалінде 1 орынды иеленді.

Өскемен қаласында 2018, 2019 жылдары студенттер мен жас ғалымдардың VI халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдарының жинағы бойынша жас ғалым атанып үлгерді.

Қ.И. Сәтбаевтың 120 жылдығына орай өткізілген «Сәтбаев-біздің замандасымыз» атты республикалық Эссе байқауының үздік иегері болды.



Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай өткізілген I халықаралық пәндік олимпиадасының 1 дәрежелі диплом жүлдегері атанды.

«Дене шынықтыру және спорт» бөлімдері бойынша ең үздік студенттік ғылыми жұмыстарға жарияланған республикалық байқаудың 2018 жылы 3 орын, 2019 жылы 2 орынжүлдегерін иемденді.

2020 жылы Қазақ спорт және туризм академиясында «Жыл студенті – Олимпиадалық спорт факультетінің жыл үздігі» байқауының жүлдегері атағын жеңіп алды.

Олимпиадалық спорт факультетінің 3 курс студенті Сайдалин Ильяс



Мен Ескараева Шапағат Мұратқызы, 2002 жылы 1 ші қазанда Алматы қаласында дүниеге келдім.



2019 жылы №43 жалпы білім беретін мектепті бітіріп, Қазақтың спорт және туризм академиясына оқуға түстім.

2020 жылы “Әл-Фараби атындағы халықаралық пәндік олимпиадасының” II дәрежелі жүлдегері (ғылыми жетекшім тарих ғылымдарының кандидаты Жанғанатова Калимаш Нұратдинқызы).

Олимпиадалық спорт факультетінің 2 курс студенті Ескараева Шапағат Мұратқызы



Мен, Абилов Султанбек Женисханұлы, 2001 жылы 15 мамырда Алматы қаласында дүниеге келдім.

2018 жылы мектепті жақсы бағамен бітіргеннен кейін Қазақ спорт және туризм академиясының Кәсіби спорт және жекпе-жек факультетіне оқуға түстім.

Оқуға түскен жылдан бастап, академиядағы барлық іс-шараларға ашық сабақтар мен дебаттарға, конференцияларға белсене қатысып жүрдім, ғылыми жобамен айналыса бастадым. Ғылыми мақала жазуға мені баулыған жетекшім –Жанғанатова Калимаш Нұратдинқызы болды.



Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті ұйымдастырған «Мен-қазақстандықпын» атты республикалық эссе конкурсына қатысып, осы конкурстың жеңімпазы атандым.

2019 жылы Академияда өткен студенттер арасындағы ғылыми тәжірибелік конференцияға қатысып, «Атқа міну мәдениеті» деген тақырыпта баяндама жасадым.

2019 жылы Өскемен қаласында өткен «Бірыңғай ғылыми және білім кеңістігінің қалыптасу жағдайларындағы студенттік ғылым» деп аталатын студенттер мен жас ғалымдардың VI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып, т.ғ.к., аға оқытушы К.Н. Жанғанатованың ғылыми жетекшілігімен баяндама жасадым.

2018-2019 оқу жылында Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы ҚазСТА-ның 75 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырған «Smart student» комикс сайысына қатысып, сайыста жүлделі 2 орынды иелендім.

2019 жылы республикалық «Абай-дана, Абай-дара қазақта» атты балалар мен жасөспірімдер байқауында «Көркем сөз» жанры бойынша 1 орынды иелендім.

2020 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өткен «әл-Фараби атындағы I халықаралық пәндік олимпиадасы» атты халықаралық байқауға қатысып, осы байқаудың жеңімпазы атандым.

Қазіргі таңда 75 жылдық тарихы бар, спорт саласында үздік чемпиондар мен білікті мамандарды дайындайтын киелі оқу орнының 3 курс студентімін.

Болашақта спортта ғана емес, оқуда, университеттер арасындағы ғылыми жобалар мен конференцияларға белсене қатысып, ғылыми ізденістер жүргізуді одан әрі жалғастырығым келеді.

Кәсіби спорт және жекпе-жек факультетінің 3 курс студенті Абилов Султанбек

ТАЙ БОКС НЕМЕСЕ МУАЙ ТАЙ

Тай бокс немесе Тайланд боксы – ежелгі тарихы бар, Тайландтың оңтүстік-шығыс Азия корольдігінің өзіне тән мәдени мұрасы болып табылады. Тай бокс немесе Муай тай Тайланд елінің ұлттық спорт түрі. «Муай тай» сөзін аударғанда «еркін жекпе-жек» деген мағынаны білдіреді. Бұл термин ресми түрде 1912 жылы қабылданған. Муай тай спортының тарихына үңілетін болсақ Тайланд елінде XVI ғасырда пайда болған. Алғашында Муай тай спорт түрі Май си орк деп аталған содан кейін Пахуют, осы сөздердің мағынасы «көп түрлі күрес», ал XX ғасырдың басында Муай тай болып өзгертілді. Уақыт өте келе Аюти және Пахуюта Муай тай ережесінде боксшының киімі өзгерді, ал техникасы сол қалпы қалды. Ең басында спортшылар жекпе-жекке жалаң қолдарымен шығатын, уақыт өте келе қолдарына арқан байлап шығатын болды. Арқан байлап шыққан себебі спортшы ауыр соққыдан қорғану үшін. Мұндай жекпе-жек «Муай кад чук» деп аталады.

Қазіргі кезде негізінен ережелерге көп өзгертулер енгізілген, бұрын жеңілген адам шаршы алаңнан (рингтен) өлі немесе ауыр жарақат алып шыққан. Муай тайда беріле салу деген ұғым мүлде болмаған. Берілген спортшы ар-намысын жоғалтқан болып есептеледі. 1929 жылдан бастап жекпе-жек ұпай санымен жүргізілетін болып өзгертілді. Осылайша жекпе-жек әрқайсысы 3 минуттық 5 раундтан тұрды. Шаршы алаңның көлемі 6х6 метр болып өзгертіліп, 7 салмақ категориясы шықты. Сонымен қатар дзюдодағы сияқты лақтыруға, баспен ұруға, қылқындарға, пахтан ұруға, құлап қалған қарсыласты соғуға тиым салды. Осылайша Муай тай спорты жарыс ережесі бойынша өтетін болды.

Вай кру рам муай биі

Муай тай - дәстүрлі спорт болып табылады. Муай тайда жекпе-жектің алдында ерекше сыйыну дәстүрі орындалады. Оны «Вай кру» деп атайды және салтанатты рам муай. «Вай круды» спортшы шаршы алаңның бұрышында тұрып орындайды. Спортшының жаттықтырушыға, төрешіге қарап тұрып орындайтын бұл дәстүрі ең алдымен құрметі, құрмет білдіргені.

Музыка

Жекпе-жектің ырғағы (ритмі) тайландтық әуенді жеткізеді. Музыкалық аспаптардың дыбысында магиялық қасиет бар, ол сананы басқа ойлардан тазартып, спортшының психикасы мен ойына еркіндік береді деген ұғым қалыптасқан. Әуен төрт

музыкалық аспапта орындалады. Бұл аспапта ойнайтын адамды олар сиқыршыға теңейді. Тайланд елінде болатын жекпе-жектерде әуен әрқашан жанды дауыста өтеді.

Техника

Барлық жекпе-жек спорттарының арасында муай тай жақын жекпе-жекте жойқын соққысымен ерекшеленеді.

Шынтақ соққысы

«Шынтақ жұдырықты ал тізе аяқты жеңеді» деген муай тайдың ұстанымдарының бірі. Жекпе-жекте шынтақ пен тізені пайдаланғандықтан муай тайды көбіне «сегіз қолдылар» жекпе жегі деп атайды.

Тізе соққысы

Тізе соққысы көбіне жақын жекпе-жекте қолданылады және муай тай спортының ең негізгі қаруы болып табылады. Тізе соққысының әдістері өте көп. Солардың негізгісі бұл «као таун» тік соққы. Жоғары көтерілген тізе қорғаныс бола алады. Көбіне тізе соққысы мен шынтақ соққысы бірге қолданылады.

Жұдырық соққысы

Муай тай да жұдырықпен соққыны бір рет немесе бірінен соң бірін жаудыруға да болады. Негізгі соққы бетіне, алдыңғы жаққа беріледі. Дегенмен, жұдырықпен жұмыс істеу техникасы қарапайым еуропалық бокстың техникасына ұқсас: хук, свинг, апперкот, тік соққы, осылардың әр біреуіне бірнеше қарама-қарсы шабуыл және қорғаныс тәсілдері пайдаланады.

Аяқ соққысы

Муай тайда аяқ соққысына ерекше көңіл бөлінеді. Муай тай ұстанымы бойынша аяқпен берілетін соққы қолмен соққы жасауға жол ашады делінеді. Аяқ соққысын банан ағашын тебу арқылы шынығады. Тебудің мақсаты ағашты сындыру. Те пиен тхан бұл табанмен соғатын тік негізгі соққы, осы соққы кеудеге бағытталады. Тағыда қисыннан тебетін соққы бар, бірақ ол көп емес. Ереже бойынша айналып тебуге де болады. Тай боксшылары ауыр соққыларымен, қорғана білуімен көпшілікті таңырқатады.

Дене жаттығулары

Бұл спорт түріндегі дене жаттығулары жүгіру, жүзу, турникке тартылу, отжимание және отырып тұру. Бұл жаттығулар спортшының бұлшық еттерін шынықтырып, ағзасын жақсартады, тыныс алуды жеңілдетеді, жүрек қан тамырларының жұмысын жақсартады және жүйке жүйесін қалыпқа келтіреді. Дене жаттығуларын жұппен жасаған дұрыс, нәтижелі болады. Содан

кейін жаттықтырушы жұптасып жұмыс істеуге үйретеді.

Қазіргі уақыттағы Муай тай жарысы

Жарыстың деңгейіне қарай қатысушылар киімінде ерекшелік бар. Мысалы, әуесқой тай бокста спортшылар басына арнайы дулыға (шлем) киеді, протектор денені, қап-тіс пен жақты қорғайды, жілікті қорғайтын да арнайы киім бар. Ал кәсіпқойларда ештеңе кимей шығады. Және жарыс деңгейіне қарай шаршы алаңның өлшемі болады, аудандық, облыстық, республикалық жарыстарда шаршы алаңның көлемі 5 немесе 6 метр, халықаралық деңгейде өтетін жарыстарда шаршы алаңның көлемі 6 немесе 7 метр болады. Салмағы 67 кг-дағы спортшы 10 өлшемдегі, салмағы 67 кг-нан төмен спортшылар 8 өлшемдегі қолғап киеді. Муай тай федерациясы жарысты әр түрлі нұсқада өткізеді. Мысалы әлем чемпионаттарын мынадай ұйымдар IFMA, ISKA, WKC өткізеді. Жарыстар Олимпия жерлеріне сәйкес өтеді. 2016ж. 6 желтоқсаны күні Тай бокс спорты уақытша Олимпия комитетіне енді. Тайланд королі қолдау көрсететін IFMA ұйымы осыған сәйкес жазғы Олимпия ойындарына енгізуді қолдайды.

Әйелдер Муай тай спортында

Тайланд елінде әйелдерге шаршы алаңға кіруге тиым салынған. Әйел жауынгердің күшін алып алады деген ырым бар. 1960 жылы Бангктоктың Лумпхини деген стадионында тайландтық промутер Амнуай Кесбамранг осы спорт түрінен әйелдер жекпе-жегі өткізбекші болды. Бірақ еркек көрермендер мұны қолдамай жекпе-жекті көрмей кетіп қалды. Уақыт өте келе Муай тай спорты бүкіл әлемге танымал болды.

Муай тай Қазақстанда

Бұл спорт түрінің Қазақстанда тамырын жайып өсе бастағанына көп бола қойған жоқ. Муай тай Федерациясының Қазақстан Республикасына табыстаған ресми мәртебесі бұл қызықты спорт түрінің Қазақстанда дамуына ықпал етті. 1999 ж. 5-желтоқсанында «Тайланд королінің кубогі» үшін болған турнирде Қазақстан командасы 2 күміс, 2 қола алқаны жеңіп алды. Келесі жылы дәл осы жарыста Қазақстан жастары құрамасы екі 3 орынды иеленді. 2000 ж. 17 маусымда Алматы қаласында ТМД тарихында тұңғыш рет осы спорт түрінде халықаралық жарыс өтіп, оған Еуропа мен Орта Азияның ең мықты кәсіпқой спортшылары қатысты.

КсжЖЖФ студенті Тұрлығызы Әділ





МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

В НАЦИОНАЛЬНОЙ БИБЛИОТЕКЕ РК СОСТОЯЛАСЬ ПРЕЗЕНТАЦИЯ КНИГИ «ЕСЛИ МОЖЕШЬ ИДТИ К ИСТОЧНИКУ, НЕ ПЕЙ ИЗ КУВШИНА» ЗАСЛУЖЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ РК, ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСКОЙ АКАДЕМИИ СПОРТА И ТУРИЗМА, ПРОФЕССОРА ЗАКИРЬЯНОВА КАЙРАТА КАЙРУЛЛИНОВИЧА	2
СТРАНИЦЫ ИСТОРИИ	4
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ И МОЛОДЫХ УЧЁНЫХ КАЗАХСКОЙ АКАДЕМИИ СПОРТА И ТУРИЗМА.....	6
УКРЕПИМ ЗДОРОВЬЕ ПЕРЕД НОВЫМИ СВЕРШЕНИЯМИ	8
ВНЕОЧЕРЕДНОЕ ЗАСЕДАНИЕ УЧЕНОГО СОВЕТА КАЗАХСКОЙ АКАДЕМИИ СПОРТА И ТУРИЗМА И ТОРЖЕСТВЕННЫЙ ВЕЧЕР, ПОСВЯЩЕННЫЙ 80-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ, ПРОФЕССОРА КАФЕДРЫ ТЕОРЕТИЧЕСКИХ ОСНОВ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА ХАУСТОВА СТАНИСЛАВА ИВАНОВИЧА.....	9
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МҰРАЖАЙЫНА ОНЛАЙН ЭКСКУРСИЯ	10
«ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ»	11
САУЛЕ ДЖАРБОЛОВА –СЧАСТЬЕ НАШЛА В ФУТБОЛЕ.....	12
КОГДА ЗАМУЖЕСТВО ЗАПРЕЩЕНО КОНТРАКТОМ	13
МҰҚАҒАЛИ-МӘҢГІЛІК СЫРЛАСЫМЫЗ!	15
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА В ЛИЦЕ ПРЕЗИДЕНТА ЗАКИРЬЯНОВА КАЙРАТА КАЙРУЛЛИНОВИЧА И РЕСПУБЛИКАНСКОЕ СТУДЕНЧЕСКОЕ ДВИЖЕНИЕ «АЛЬЯНС СТУДЕНТОВ КАЗАХСТАНА» В ЛИЦЕ ПРЕЗИДЕНТА ТУСТИКБАЕВА ИЛЬЯСА НУРБОЛОВИЧА ПОДПИСАЛИ МЕМОРАНДУМ О СОВМЕСТНОМ СОТРУДНИЧЕСТВЕ	16
ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫНДА ЕРЕКШЕ КӨЗГЕ ТҮСКЕН БОКСШЫЛАРДЫҢ БІРІ ЕРТУҒАН ЗЕЙНУЛИНОВТЫ КЕЗЕКТІ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!.....	17
ФАКУЛЬТЕТ АРАЛЫҚ ЖАЙДАРМАН ОЙЫНДАРЫ	18
МЕНИҢ ШӘКІРТІМ – МЕНИҢ МАҚТАНЫШЫМ	20
ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫНДА ӘЙЕЛДЕР ҚАУЫМЫНА АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК КЕШ ӨТТІ.....	21
«ӘЛЕМНІҢ МӘНІ - ӘЙЕЛДЕ!» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТЫ	22
«КӨЛСАЙ КӨЛДЕРІ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ	23
БОЛАШАҚ ЖАС СПОРТШЫЛАРДЫҢ ҚОЛЫНДА	24
ТАЙ БОКС НЕМЕСЕ МУАЙ ТАЙ	26

СПОРТ ШЕБЕРІ МАСТЕР СПОРТА

№28(37)

қаңтар-наурыз 2021

«Мастер спорта» –
Собственник НАО
«Казахская академия
спорта и туризма»

Президент Казахской академии
спорта и туризма,
профессор Кайрат Закирьянов

Телефон: 8(727)292-20-56.
<https://kazast.edu.kz/>
Газета распространяется бесплатно.



Редактор **Марал Серікмұратқызы
Кенжебаева**

Дизайн обложки и верстка
Еженов Бауыржан

ИБ №14467

Подписано в печать 27.03.2021.
Формат 70x100 1/8. Бумага офсетная.
Печать цифровая. Объем 1,75 п.л.
Тираж 100 экз. Заказ №4227.

Издательский дом «Қазақ университеті»
Казахского национального университета
им. аль-Фараби.
050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71. КазНУ.
Отпечатано в типографии издательского дома
«Қазақ университеті».

АБИТУРИЕНТ 2021

Бакалавриат

Группа образовательных программ В005–Подготовка учителей физической культуры:

Образовательные программы:	Профильные предметы (после школы)	Профильный предмет (после колледжа)
6В014001-Физическая культура и спорт	2 творческих экзамена (спец. подготовка и ОФП)	1 творческий экзамен (спец. подготовка)
6В014002-Учитель физической культуры и тренер по триатлону	2 творческих экзамена (спец. подготовка и ОФП)	1 творческий экзамен (спец. подготовка)
6В014003-Адаптивная физическая культура и спорт	2 творческих экзамена (спец. подготовка и ОФП)	1 творческий экзамен (спец. подготовка)

Группа образовательных программ В091–Туризм, В093–Ресторанное дело и гостиничный бизнес:

Образовательные программы:	Профильные предметы (после школы)	Обще.профильный и профильный предметы (после колледжа)
6В11101-Туризм	География и иностранный язык	1. География 2. Организация туристской деятельности
6В11102- Ресторанное дело и гостиничный бизнес:	География и иностранный язык	1. История Казахстана 2. Организация обслуживания в ресторанах и гостиничных хозяйствах

ЕНТ

ЕНТ	Сроки приема заявлений (Регистрация на ЕНТ)	ЕНТ проводится в следующие сроки (электронное)	Сроки апелляции	Количество попыток
Март	с 5 марта по 9 апреля	с 10 марта по 10 апреля	10 марта – 14 апреля	1 попытка
Апрель – Июнь	с 15 апреля по 10 июня	с 30 апреля по 30 июня	11-24 мая, 21 июня – 4 июля	2 попытки*

*- с наилучшим результатом ЕНТ из двух тестирований можно участвовать в конкурсе на присуждение образовательных грантов

НОРМАТИВНЫЕ СРОКИ ОБУЧЕНИЯ:

После школы - полное обучение 4 года;
После колледжа - ускоренное обучение 3 года;
После вуза - ускоренное обучение 2 года.

ПРИЕМ ДОКУМЕНТОВ

С 20 июня по 25 августа

ПЕРЕЧЕНЬ ДОКУМЕНТОВ ДЛЯ ПОСТУПЛЕНИЯ:

1. Заявление на бланке установленного образца (выдает приемная комиссия)
2. Оригинал документ об образовании (аттестат/диплом) с приложением + 2 копии
3. Сертификат ЕНТ текущего года (для проверки в базе необходимо иметь ИКТ и ИИН)
4. 6 фотографий 3x4
5. Мед. Справка 086 у
6. Снимок флюорографии
7. Копия регистрации приписного свидетельства (юношам)
8. Удостоверение личности (3 копии)

НАШИ ПРЕИМУЩЕСТВА:

100 % трудоустройства;
Академическая мобильность в зарубежные ВУЗы;
Более 75 лет в системе образования;
Дополнительные квалификации;
Лучшие отечественные и зарубежные преподаватели;
Гибкая система льгот;
Яркая студенческая и спортивная жизнь.

ТВОРЧЕСКИЕ ЭКЗАМЕНЫ

Прием заявлений с 20 июня по 7 июля
Проведение творческих экзаменов с 8 по 13 июля

ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ГРАНТЫ

Прием документов на конкурс грантов с 13 по 20 июля
Код ВУЗа – 020

Наш адрес: Республика Казахстан, 050022,
город Алматы, проспект Абая, 85

Наш сайт – www.kazast.edu.kz

Мы в социальных сетях: [Instagram](#) kazast_official [VK](#) public178199279

[YouTube](#) channel/UCRjS2bXryVidf63cas5OouA

Телефоны для консультаций:

+7(727) 292-38-21, +7(727) 221-90-85
+7 708 864 3021, +7 708 864 3020

Электронный адрес приемной комиссии - priemkazast@kazast.kz